

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені
Мамандығы: Халықаралық құқық
Шифр: 5В030200
Пән: ҚР және шет елдердің әлеуметтік қамсыздандыру құқығы

ДӘРИС ТЕЗИСТЕРІ

1 ТАҚЫРЫП: Қазіргі кезеңдегі әлеуметтік қамсыздандыру құқығының түсінігі және пәні

Мемлекет және қоғам өміріндегі әлеуметтік қамсыздандыру маңызы орын алады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 28-бабына сәйкес¹: азаматына жалақы мен зейнетақының ең төменгі мөлшерін алуға жасына қарай, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айрылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде әлеуметтік қамсыздандыруға кепілдік беріледі", – деп аталып көрсетілген.

Ең бастысы мемлекет және қоғамның дамуына қарай халықты әлеуметтік қорғаудың түрлері, бағыттары да өзгертіп, дамып отырады және қоғам тарапынан азаматтардың белгілі бір санаттарына материалдық көмек көрсетуде өзгереді. Бірақ, материалдық көмекті мемлекет тарапынан алу үшін заңда көрсетілген, белгіленген шарттар сақталуы, орындалуы тиіс. Әлеуметтік қамсыздандыру – бұл халықты әлеуметтік қорғаудың бір бағыты болып табылады. Сондықтан да, осы уақытқа дейін әлеуметтік қамсыздандыру екі тұрғыдан, бағыттан қаралып келеді. Біріншісі, бұл экономикалық көзқарас – яғни азаматтарға көрсетілген материалдық көмектің барлығы мемлекет тарапынан белгіледі және материалдық төлемдер қоғамның дамуымен байланысты болғандығын атап көрсетеді.

Екіншісі, құқықтық көзқарас – яғни, азаматтарға көрсетілетін материалдық төлемдер заңда белгіленген, көрсетілген фактілер әлеуметтік қауіп пайда болған кезде, азаматтардың белгілі бір санаттарына ғана берілетіндігін атап көрсетеді.

27 маусым 2001 жылы Қазақстан республикасы Үкіметінің Қаулысымен "Қазақстан Республикасында халықты әлеуметтік қорғау" тұжырымдамасы қабылданды. Осы тұжырымдамаға сәйкес және халықаралық тәжірибелерді пайдалана отырып азаматтарды әлеуметтік қорғау саласында негізгі бағыттары және жүйесі мынадай:

- ақы төленетін еңбекті көтермелеу;
- әлеуметтік қауіптің алдын алу және әлеуметтік сақтандырудың механизмі арқылы өтемақы төлеу.

Әлеуметтік қорғаудың жүйелік өрсетікштері әр мемлекеттің экономикасының дамуымен анықталады. Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында азаматтарды әлеуметтік қорғау жүйесі мынадай негізгі бағыттарды біріктіреді:

- А) жинақтаушы зейнетақы жүйесі;
- ә) мемлекеттік жәрдемақы;
- б) мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру;
- в) әлеуметтік көмек.

Әлеуметтік қорғау бұл өте кең сала және жүйе болып табылады, көптеген мәселелерді қамтиды. Әлеуметтік қорғау дегеніміз – азаматтарды белгілі бір тұрмыстың деңгейінде, белгілі бір жағдайларға байланысты еңбекке қатыса алмайтын тұлғаларды заңда көрсетілген әлеуметтік қауіп пайда болған кезеңде мемлекет тарапынан материалдық көмек көрсету арқылы қолдау.

Қазіргі кезеңде әлеуметтік қорғаудың маңызды бағыттарының бірі бқұл – азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыру. Әлеуметтік қамсыздандыру түсінігін талқылауда іртүрлі көзқарастар қалыптасты. Бұл көзқарастарды да үлкен екі топқа жіктеуге болады. Олар әлеуметтік қамсыздандыруды "кең" және "тар" деген мағынада қарастырды. Мысалы, В.С.Андреев былай деп жазады: "социальное обеспечение – это совокупность определенных социально-экономических мероприятий, связанных с обеспечением граждан в старости и при

¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы, Алматы., "Қазақстан", 1998.

нетрудоспособности, с заботой о матери и детях, с медицинским обслуживанием и лечением как важнейшими средствами оздоровления, профилактики и восстановления трудоспособности"¹.

Ал, әлеуметтік қамсыздандыру "тар" мағынада қарастырушылардың өкілдері, мысалы, В.Ш.Шайхатдинов² әлеуметтік қамсыздандыруды тек қана зейнетақы, жәрдемақы және әлеуметтік қызмет етумен, төлеумен шектейді.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы жеке құқық саласы ретінде басқа құқық салалары сияқты өзіне тән пәні, әдісі болады. Әлеуметтік қамсыздандырудың құқығының пәні мен әдісін талдамас бұрын, осы саланың өзіне тән белгілерін анықтауымыз қажет. Біздің ойымызша, ол белгілер мынадай:

1. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының субъектілері. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының субъектілері барлық жағдайларда әлеуметтік қауіптің ерекшеліктерімен айқындалады.

2. Әлеуметтік қамсыздандыруды беру шарттары. Азаматтарға әлеуметтік қамсыздандыруды беру ең алдымен әлеуметтік қауіппен тығыз байланысты болады. Әлеуметтік қауіп – белгілі бір заңи фактілер, оның ішінде оқиғамен тығыз байланысты болады.

3. Әлеуметтік қамсыздандыруды беру мақсаттары. Азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыру мақсаты бұл мемлекеттің даму кезеңіндегі әлеуметтік саясатты жүзеге асыруы. Қазіргі кезеңде әлеуметтік саясат азаматтардың күнкөріс деңгейін, зейнетақы мөлшерін көбейту, жинақтаушы зейнетақы қорларын дамыту және т.б.

4. Әлеуметтік қамсыздандыруды қаржыландыру көздері. Қазіргі уақытта әлеуметтік қамсыздандыруды қаржыландыру әртүрлі көздерден – мемлекеттік бюджеттен, жергілікті бюджеттен және т.б. көздерден қаржыландырылады.

5. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының өзін тән белгілерінің ішінде біздің ойымызша материалдық төлемдерді анықтау, тағайындау, есептеу және төлеу белгілерін атап көрсеткеніміз дұрыс. Жалпы әлеуметтік қамсыздандыру құқығының ілімі бойынша есептеу – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқару орган анықтайтын тәртіппен анықталып азаматтардың жұмыс істеген еңбек стажымен, (өтемімен), жалақысымен, жинақтаушы зейнетақы қорында жинақталған қаражатымен тығыз байланыста болады. Материалдық төлемдерді тағайындау – азаматтардың арызы арқылы материалдық төлемдерді тағайындау үшін қажетті құжаттармен анықталады және белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Материалдық төлемдерді төлеу – заңда көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылып, тек қана белгіленген әлеуметтік қауіп қана үшін беріледі.

Жоғарыда көрсетілген белгілерді тұжырымдай келе әлеуметтік қамсыздандыру құқығы дегеніміз – азаматтарды әлеуметтік қорғаудың нысаны, заңда көрсетілген әлеуметтік қауіп пайда болған кезде азаматтарға материалдық төлемдерді белгілі бір қорлардан есептеу, тағайындау және төлеу.

Ал, "тар" мағынада әлеуметтік қамсыздандыру құқығы дегеніміз – азаматтарды белгілі бір әлеуметтік қауіп пайда болған кезде материалдық төлемдермен қамтамасыз ету.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының пәні – азаматтарға мемлекет тарапынан кепілдік берілген зейнетақы, жәрдемақы және т.б. материалдық төлемдердің тағайындалуын, есептелуін және төлеу тәртібін, жинақтаушы зейнетақы қорларының құқықтық мәртебесін, салушылар мен алушылардың құқықтары мен міндеттерін анықтайтын, жеке тұлғалар мен уәкілетті органдар арасында пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін дербес құқықтық сала.

2 Тақырып. Әлеуметтік қамсыздандыру құқықтарының әдістері мен қағидалары

Құқықтық салалардың ішінде бір-бірінен ерекшеленетін бұл әр құқықтық саланың пән мен әдісі. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы – дербес құқықтық сала ретінде өзінің әдістеріне де ие. Бірақ, біз ең алдымен осы әлеуметтік қамсыздандыру құқығының ерекшеліктеріне тоқталайық. Жалпы теория құқығы бойынша құқықтық реттеу әдісі – бұл

¹Қазақстан Республикасы Үкіметі. 27.06.2001 ж. бекіткен "Қазақстан Республикасында халықты әлеуметтік қорғау тұжырымдамасы."

²Андреев В.С. Право социального обеспечения в СССР. Учебник. М., 1974. С.10.

қоғамдық қатынастарды реттеуді тиімді қолдану үшін пайдаланатын амалдар мен әдістердің жиынтығы. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының әдістеріне мынадай ерекшеліктер тән:

1. Мемлекеттік – орталықтандырылған реттеу әдісі – әлеуметтік қамсыздандыру құқығы саласында мемлекет тарапынан азаматтарды әлеуметтік қорғауда арнайы заңдар мен нормативтік құқықтық актілер қабылдау арқылы, жыл сайынғы қабылданатын республикалық бюджет туралы заңда жалақы, зейнетақы, ең төменгі есеп көрсеткіштің мөлшерін көрсету арқылы, төмендегі әлеуметтік стандарттарды белгілеу реттеп отырады. Мысалы, мемлекеттік ортақ реттеу әдісі ретінде 20 маусым 1997 жылы қабылданған "Қазақстан Респубикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы"¹ – заңды атап көрсетуге болады немесе жыл сайын қабылданатын Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңын айтуға болады. Себебі, жоғарыда аталған заңдарда азаматтарды зейнетақымен қамсыздандырудың негіздері, төменгі зейнетақының және ең төменгі есеп көрсеткіштің мөлшері белгіленеді.

2. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының өзіне тән әдістері ішінде біз ең алдымен әлеуметтік қамсыздандыру қатынастарын реттейтін шартты әдісті айтамыз. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығында шартты әдіс – нақты кәсіпорындарда ұжымдық шарт және еңбек шарты негізінде еңбек ұжымына не белгілі бір жұмысшыға заңда немесе нормативтік құқықтық пайда болған кезде кәсіпорын (мекемелер не ұйымдар) өз тарапынан қосымша жеңілдіктерді қарастыруына болады. Бірақ, кәсіпорын тарапынан қарастырылатын қосымша жеңілдіктер заңдарға, оның ішінде "Қазақстан Респубикасындағы еңбек"² – туралы заңның 5-бабына қарама-қайшы келмеуі тиіс. Еңбек туралы заңның 5-бабының 4-тармағына сәйкес тараптар еңбек туралы заңда белгіленген аз мерзімдер мен талаптарды жақсарту жағына өзгерте алады деп көрсетілген.

3. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының келесі бір әдісі бұл локалдық әдіс болып табылады. Локалдық әдіс ең алдымен жергілікті деңгейде азаматтардың кейбір санаттарына жеңілдік не қосымша өтемақы беру, төлеу арқылы анықталады. Мысалы ретінде, 28 қаңтар 2002 жылғы № 1/73 бекітілген Алматы қаласы әкімшілігінің қаулысын айтуға болады¹. Осы аталған қаулыға сәйкес, Алматы қаласында тұратын Ұлы Отан соғысына қатысушылар және мүгедектер қалалық қоғамдық транспортта тегін жүруге құқылы.

4. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығында келесі бір әдісі – бұл субъектілердің жауапкершілігі мен бұзылған құқықты қорғау. Қазақстан Республикасының азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңына жүгінетін болсақ, есептелген, бірақ алушы талап етпеген зейнетақы төлемдерінің сомасы өткен уақыт үшін, бірақ өтініш алуға өтініш беру алдындағы 3 жылдан аспайтын уақыт үшін төленеді. Зейнетақы төлемдерін тағайындайтын немесе жүзеге асыратын органның кінәсінен уақытында алынбаған зейнетақы төлемдерінің сомасы өткен уақыт үшін мерзімі шектелмей тқленеді (Заңның 20-бабы). Осы зейнетақы туралы Заңның нормасын талдайтын болсақ әлеуметтік қамсыздандыру құқығының тараптары өздерінің кінәлері үшін жауапкершілікке тартылмайды. Бірақ, 13 наурыз 2003 жылғы "Қазақстан республикасы зейнетақымен қамсыздандыру заңдарына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы", – Заңына 30 қаңтар 2001 жылы қабылданған "Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің" 88-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы зейнетақы мен қамсыздандыру туралы заңын бұзушылар әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Мысалы, осы баптың 1-тармағына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорлары уақытында зейнетақы төлемдерін, аударымдарын және алымдарын жүзеге асырғаны үшін лауазымды тұлғалар жиырма, ал заңды тұлғалар елу ең төменгі есеп көрсеткіш мөлшеріне дейін айыптауға жауапкершілікке тартылады. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 22-4 бабы міндетті зейнетақы жарналарының уақытылы ұсталмағаны және аударылмағаны үшін жауапкершілік қарастырылған немесе аталған заңның 68-бабына жүгінетін болсақ ол бапта былай делінген: "Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген". Жоғарыда көрсетілген заң нормаларын талдай келе, біз

¹"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру" – туралы Заң., Алматы, 2003.

²"Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі" туралы заң. Алматы, 2007.

¹"Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерге қалалық қоғамдық транспортта тегін жүру жеңілдігі туралы", Қазақстан Республикасы азаматтарын зейнетақымен қамсыздандыру және әлеуметтік қорғау... Юрист, 2005 ж.

әлеуметтік қамсыздандыру құқығында тараптарды жауапкершілікке тарту тікелей, басқа заң нормалары арқылы реттелетінін байқаймыз.

3 ТАҚЫРЫП: Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы аясындағы құқықтық қатынастар

Жалпы әлеуметтік-құқықтық салада, оның ішінде қоғамдық қатынастар, осы аталған саланың негізгі мәселелерінің бір болып табылады.

Құқықтық қатынас – бұл әр уақытта субъектілердің өз объектісімен құқықтық қатынас негізінде реттелуі. Құқықтық қатынас ілімі – құқықтық салада кеңінен дамыған ілімдердің бірі болып табылады. Осы кезеңге дейін Қазақстанда, ТМД мемлекеттерінде құқықтық қатынастар жөнінде көптеген ғылыми мақалалар, монографиялар жарияланды.

Құқықтық қоғамдық қатынас – заң әдебиеттерінде бір жағдайларда сатысы, ал кейбір жағдайларда құқықтық нормаларды жүзеге асыру ретінде көрсетіледі. Осы тұрғыда, құқықтық қатынастардың мазмұны ғалым-заңгерлердің арасында әр түрлі пікір-ойлар туғызып, олардың мкейбіреулері құқықтық қатынастың мазмұны – бұл субъектілердің міндеттері мен құқықтары, ал, кейбір ғалымдар құқықтық қатынас – бұл субъектілердің өз құқықтары мен міндеттерін пайдаланудағы, жүзеге асырудағы әрекеттері деп тұжырымдайды. Осындай жағдайда, өз алдына пайда болатын заңды құбылыс – бұл құқық, заңды норма және заңды қатынас, олардың өзара қатынасы, қазіргі жағдайда өз алыдан ерекше мәселе ретінде қаралуы тиіс. Қоғамдық қатынастардың негізгі белгісінің бірі ретінде – бұл тұлғалардың (адамдардың) әрекеттерінен туындайтын құқықтық қатынастар.

Қазақстан Республикасының Парламенті 1997 жылы 20 маусымда қабылданған "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" заңына сәйкес қазіргі жағдайда әлеуметтік қамсыздандыру құқығы саласында жаңадан көптеген теориялық ілімдер пайда болды. Жалпы алғанда, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы-зейнетақымен, жәрдемақымен қамтамасыз ету, тағайындау, есептеу, төлеу реттерін белгілеуде, сақтандыру, мемлекеттік органдардың меншік нысандарына қарамастан жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар арасында пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейді.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы - қысқаша алғанда тұлғалар мен зейнетақымен қамтамасыз ету органдары арасында пайда болатын құқықтық қоғамдық қатынастарды реттейді.

Қоғамдық қатынастардың ең басты, негізгі субъектілерінің бірі – бұл жеке тұлғалар. Басқа құқықтық салаларға қарағанды, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы субъектілерінің айырмашылығы – арнайы зейнетақыға шығуы үшін еркектер-63 жасқа, әйелдер-58 жасқа толуы тиіс. Бұрынғы, 1991 жылғы заңға қарағанда, 1997 жылғы қабылданған заңның ерекшелігі, зейнетақы мен жәрдемақының әр түрлі қорлардан төленуі, тағайындалуы және есептелуі. Зейнеткер ең алдымен, заңға көрсетілген жасқа жеткенде халықты әлеуметтік қорғау органымен өзінің құжаттарын (стажын өтілін) дәлелдейтін, табысын растайтын және т.б.) тапсыру арқылы қоғамдық құқықтық қатынасқа түседі. Өз орнында, халықты әлеуметтік қорғау органы 10 күннен кешіктірмей тапсырылған құжаттарды қарауы тиіс және шешім қабылданған күннен бастап 5 күннен кешіктірмей арыз берушіге хабарлауы тиіс.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығында – зейнеткер, жинақтаушы зейнетақы қорының салымшысы және зейнетақы төлемдерін алушы – осы құқық саласының субъектілері болады. Зейнеткер дегеніміз – жалпы заңда көрсетілген жасқа жеткен, стажын, (өтінім), табысын растайтын құжаттары бар жеке тұлға. Зейнетақы заңына сәйкес салымшы дегеніміз – зейнетақы төлемін алушының пайдасына зейнетақы жарналарын төлеуді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға, ол алушы дегеніміз - пайдасына жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы жарналарын төленетін және зейнетақы төлемдері жүзеге асырылатын не орталықтан зейнетақы төлемдері тағайындалған жеке адам.

Салымшы мен заңды тұлға арасындағы құқықтық қатынас ең алдымен, салымшы өзіне зейнетақы шартын жасасу үшін, зейнетақы қорын тандап алуына байланысты болатын, құқығынан туындайтын құқықтық қатынас. Зейнетақы шарты – бұл зейнетақы жанрлары мен жинақталған қаражатқа байланысты құқық қатынастарын орнату, өзгерту немесе тоқтату туралы, бір жағынан, жинақтаушы зейнетақы қорлары және екінші жағынан салушы мен алушы арасында жасалатын шарт. Бұл заңда берілген анықтама Азаматтық Кодекстің (жалпы

бөлімі) 378-бабында берілген ұғымға сәйкес келеді¹. Бұл бапта былай делінген: "Екі немесе одан да көп адамның азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімі шарт деп танылады. Теориялық тұрғыдан қарағанда, жоғарыда көрсетілген анықтамалардың негізінде, орнату, өзгерту, тоқтату-заңды фактілер болып табылады. Азаматтық Кодекс (жалпы бөлім) және Зейнетақы туралы заңда көрсетілген элементтер орысша текстіде сәйкес келгенмен "установление" қазақ тіліне аударғанда – Азаматтық Кодексте (жалпы бөлім) белгілеу деп аударылса, зейнетақы туралы заңда – орнату деп аударылған. Дегенмен, заңды фактілер құқық теориясы бойынша үш элементтен тұрады және өзара тығыз байланыста болады.

Қысқаша тоқталатын болсақ, әлеуметтік қамсыздандыру құқығында орнату – тұлғалардың – зейнеткерлердің белгілі бір жасқа жетуі болса, өзгерту – бір қордан басқа қорға ауысқан жағдайда (жалпы ереже бойынша, жылына екі реттен аспауы керек) ал, тоқтату-алушының не салымшының қайтыс болуы, басқа мемлекетке көшуі т.б. жағдайларда жүзеге асырылады.

Ең алдымен, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы аясында құқықтық қатынастар тұлғалардың Конституцияда және зейнетақы заңында көрсетілген құқықтарынан туындайтын қатынас. Бұл қатынас жеке тұлғаның өзінің құқығын пайдалану болып табылады, оның ішінде құқықтық қатынастар арқылы пайдалануы. Екіншіден, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы аясындағы заңды қатынас – көп жақты қатынас болып табылады. Осы саладағы құқықтық қатынас көп жақты құқықтық қатынас болған соң оның кейбір ерекшеліктеріне тоқталғанды дұрыс деп санаймыз.

Ең алдымен, әлеуметтік қамсыздандыру құқығында құқықтық қатынастар жеке тұлғалар, мемлекеттік органдар, жинақтаушы зейнетақы қорлары және заңда көрсетілген заңды тұлғалар арасында пайда болады. Екіншіден, азаматтарға материалдық көмек көрсетуде 27 маусым 2001 жылы қабылданған "Қазақстан Республикасында халықты әлеуметтік қорғау" концепциясына сәйкес азаматтарды әлеуметтік қорғау негізгі мынадай элементтерден тұрады: 1. Мемлекеттік жәрдемақы; 2. Міндетті әлеуметтік сақтандыру; 3. Жинақтаушы зейнетақымен қамтамасыз ету; 4. Әлеуметтік көмек. Жалпы құқық теориясының негізі бойынша құқықтық қатынастар белгілі бір тұлғалардың арасында пайда болып, олар құқық субъектілері деп аталады.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығында субъектілер құқықтық қатынасқа қатысуы үшін заңдарда көрсетілген құқықтық қабілеттілікке және әрекет қабілеттілікке ие болуы тиіс, ал әлеуметтік қамсыздандыру құқығында құқықтық қабілеттіліктің пайда болуының өз ерекшеліктері бар.

4 ТАҚЫРЫП: Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының субъектілері

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының субъектілері болып субъективтік міндеттер құқықтарға ие болатын тұлғаларды айтамыз.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының субъектілері болуы үшін кез-келген азамат субъективтік құқықтарға ие болуы тиіс, ал бұл құқық субъектілігі өз кезегінде құқық қабілеттіліктен (әлеуметтік қамсыздандыру құқығы бойынша құқықтар мен міндеттерге ие болу қабілеттілігі), әрекет қабілеттілігімен (әлеуметтік қамсыздандыру құқығы бойынша көрсетілген құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру) және деликт жауапкершіліктен (әлеуметтік қамсыздандыру құқығы бойынша құқық бұзғандағы үшін жауапкершілікке тарту). Әлеуметтік қамсыздандыру құқығында заңда көрсетілген қамтамасыз етудің түрлеріне кез-келген азамат негізгі заңи фактілер пайда болған кезде ие болады. (Жұмысқа қабылдану, мүгедектік, жасына байланысты жәрдемақы алу және т.б.) яғни заңи фактілер мен құқықтардың бірдей пайда болу негізінде туындайды. Сондықтан, әлеуметтік қамсыздандырудың түрлеріне ие болу қамтамасыз етудің түрлеріне заңдарда белгіленген құқықтарға пайда болу құқық қабілеттілігі арқылы жүзеге асырылады. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы субъектілерінің тағы бір өзіне тән ерекшелігі – осы құқықтық саланың субъектілері қамсыздандырудың әр түрлеріне бірдей құқыққа ие болуы.

¹ҚР-ның Азаматтық Кодексі (жалпы бөлім), 2006ж.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының субъектілері дегеніміз – заңдарда белгіленген қамсыздандырудың түрлеріне құқығы бар, әлеуметтік қамсыздандыру құқықтық қатынастарының субъектілерін (қатысушыларын) айтамыз.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының субъектілері ең алдымен зейнетақымен қамтамасыз ету саласында міндетті зейнетақы жанрларының салымшысы – міндетті зейнетақы жанрлары есебнен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан және жинақтаушы зейнетақы қорында жеке зейнетақы шоты бар жеке тұлға, ал зейнетақы төлемдерін алушы – Орталықтан зейнетақы төлемдері тағайындалған немесе жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар жеке тұлғалар. Сонымен бірге, әлеуметтік қамсыздандыру құқығының субъектілері ретінде ерікті зейнетақы жанрларының салымшысы – яғни ерікті кәсіптік зейнетақы жанрлары есебінен зейнетақы мен қамсыздандыру туралы шартқа сәйкес өзінің жеке қаражаты есебінен қызметкердің пайдасына ерікті кәсіптік зейнетақы жанрларын салуды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға және ерікті кәсіптік зейнетақы жанрларының салымшысы – ерікті кәсіптік зейнетақы жанрлары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа сәйкес өзінің қаражаты есебінен қызметкердің пайдасына ерікті кәсіптік зейнетақы жанрларына салуды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының келесі бір субъектісі – ол отбасы және оның мүшелері. Отбасы туралы анықтамалар жалпы заң әдебиеттерінде өте кең таралған, бірақ та әлеуметтік қамсыздандыру құқығында отбасы анықтамасын берген кезімізде Қазақстан Республикасы "Салық және бюджетке басқа да төлемдер туралы" – 12 маусым 2001 жылғы қабылданған Кодексінің 152-бабына жүгінеміз. Салық және бюджетке басқа да төлемдер туралы Кодекстің от-басы деген ұғымға берген анықтамасы мынадай: Отбасы бірге тұратын және бірге ортақ шаруашылық жүргізетін ерлі-зайыптылар, балалары және ата-аналары (оның ішінде уақытша жоқ адамдар).

Отбасы еңбекке жарамсыз мүшелеріне Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы", – 16 маусым 1997 жылғы қабылданған Заңына сәйкес мыналар жатады:

1. Егер 18 жасқа толғанға дейін мүгедек болып қалса, 18 жасқа толмаған және осы жастан асқан балалар, аға-інілері, апа-сіңілілері және немере есептеледі, егерде аға-інілері, апа-сіңілілері және немерелері – егер олардың еңбекке жарамды ата-аналары болмаса, өгей ұлдары мен қыздары – егер олар ата-аналарынан – алимент алмайтын болса;

2. егер зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарға сәйкес зейнет тасына жетсе, әкесі, шешесі, зайыбы, жұбайы.

3. егер қайтыс болған асыраушысының 8 жасқа толмаған балалары, інілері, қарындастарын немесе немерелерін күтумен айналысса және жұмыс істемейтін болса, жасы мен еңбекке жарамдылығына қарамастан ата-аналарына немесе жұбайлардың біреуі не, атасы, әжесі, аға-інісі немесе апа-сіңілісі;

4. егер зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарға сәйкес зейнеткерлік жасына жетсе және заң бойынша асырауға міндетті адамдары болмаса және өмір сүру үшін басқа қаражат көздері жоқ болса, атасы мен әжесі есептеледі;

Адамның асырауындағы от-басы мүшелері деп егер олар оның толық асырауында болса немесе одан өздері үшін өмір сүрудің тұрақты және негізгі қаражат көзі болған көмегін алып тұрса, оның асырауындағы адам болып саналады;

Жоғарыда атап көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 152-бабына сәйкес асырауындағы адам-салық төлеушінің от-басының мүшесі, оның табысы арқылы күн көретін, өз алдына жеке табысы бір ай мерзім ішінде ең төменгі есеп көрсеткіштен аспайтын жеке тұлғаны атаймыз.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының субъектілерінің үлкен бір тобы Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247 "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғауы туралы" Жарлығына сәйкес мынадай топтарға бөлінеді:

а) Ұлы Отан соғысына қатысушылар;

ә) Жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар;

- б) Ұлы Отан соғысының мүгедектері;
 в) Жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына мүгедектеріне теңестірілген адамдар;
 д) Жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттары.

Жоғарыда аталған Жарлықтың негізінде әлеуметтік қамсыздандыру құқығы субъектілерінің мәртебесін белгілеу Ұлы отан соғысы жылдарында, бұрынғы КСРО қорғау жөніндегі ұрыс операциялары кезінде майдандағы армия қатарында болғаны, Чернобыль АЭЗ-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердің радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жобаға қатысқанын растайтын анықтаманың, әскери билеттердің, жараланғаны, мүгедектігі туралы анықтаманың, сот- медицина қорытындыларының негізінде белгіленеді. Осы Жарлықтың негізінде азаматтарды белгілі бір санаттарға бөлу ең алдымен көрсетілетін берілетін жеңілдіктермен ерекшелендіріледі.

Келесі бір, әлеуметтік қамсыздандыру құқығының субъектілерінің бір тобы, бұл Қазақстан Республикасы 20 қаңтар 1993 жылғы "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және олардың әлеуметтік қорғау туралы", – Заңына сәйкес әскери қызметшілер мен олардың от-басы мүшелерін атауға болады.

1993 жылғы 14 сәуірдегі еліміздің "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын атау туралы", – Заңына сәйкес саяси қуғын-сүргіндердің құрбаны немесе қуғын-сүргіндерден зардап шеккендерді жатқызуға болады. Саяси қуғын-сүргіндердің құрбаны немесе қуғын - сүргіндерден зардап шеккен деп тану, оның бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, ол шеккен моральдық немесе материалдық залалдың орнын толтыру ақтау деп ұғынылады.

Жеке тұлғаларды әлеуметтік қорғау саласының субъектісі ретінде қарай келе, біз осы саланың субъектілерінің үлкен бір тобы – мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алуға құқығы бар тұлғалар. Әлеуметтік жәрдемақы алушы тұлғалар қабылданған заңдарға сәйкес мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушы тұлғалар, арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушы тұлғалар, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы тұлғалар, жерасты және ашық пен жұмыстарында, еңбек жағдайлары берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы алушы тұлғалар және әскеери қызметшілер мен олардың от-басы мүшелерін жатқызуға болады.

Қорыта айта келе, біз әлеуметтік қамсыздандыру құқығы субъектілері ең басты ерекшеліктерінің бірі Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексі (жалпы бөлім) 13-бабы нормасын нақты түрде жүзеге асыру, яғни азаматтың құқық қабілеттілігі ал туған кезде басталып қайтыс болған соң тоқтатылады. Осы аталған тұжырымдаманы талдай келе, біз осы аталған норманы нақты түрде жүзеге асыруы дегеніміз, әлеуметтік қамсыздандыру құқығында, "Қазақстан Республикасы еңбек турлы", – Заңына сәйкес (86-бап) жүктілік пен босануы бойынша және бала дүниеге келген кезде берілетін бірыңғай жәрдемақы мен азамат қайтыс болған кезде берілетін бірыңғай жерлеуге берілетін жәрдемақы мен азаматтық құқықтың нормаларына сәйкес мұрагерлік не өсиет шарттарын заңды түрде жүзеге асыруды қамтиды.

КІРІСПЕ.....

1. ЗЕЙНЕТАҚЫ РЕФОРМАЛАРЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ....

1.1 Зейнетақы жүйесін реформалау алғышарттары мен ерекшеліктері

1.2 Зейнетақы жүйесінің негізгі түрлері мен әлемдік тәжірибесі.....

2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУ МЕХАНИЗМІ.....

2.1 Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қызметі АҚ «МЖЗҚ» мысалында

2.2 АҚ «МЖЗҚ» Зейнетақы жүйесінің қазіргі жағдайын талдау қорларының бірі.....

3. ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДЕГІ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ.....

ҚОРЫТЫНДЫ.....

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының нарықты экономикаға өтудегі стратегиялық бағдарламаларының біріндегі негізгі Қазақстан халықты әлеуметтік қамсыздандыру реформасын жүзеге асырған ТМД Қазіргі таңда зейнетақы реформасы біздің Республикамызда өз дәрежесінде Елімізде көптеген жинақтаушы зейнетақы қоры, оның ішінде мемлекеттік, корпоративтік Жұмыстың мақсаты зейнетақы қорының қызметіне талдау жасап, оны жетілдіру Зейнетақылық жинақтау жүйесінің негізгі мақсаттарына келесілер жатады: зейнетақы жүйесінің әлеуметтік-экономикалық мәнін және оның ғылыми-теориялық негіздерін оқу; Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесінің құрылымы мен дамуын тандау; Қазақстан Республикасы зейнетақы қорларының қызметін жетілдіру бағыттарын ұсыну; Қойылған мақсаттарға жет үшін келесі міндеттерді шешу қажет: нарық жағдайында жинақтаушы зейнетақы қорларының құрылуы мен қызметтерінің теориялық дамыған елдердің зейнетақы жүйесінің тәжірибесін анықтау; республикадағы зейнетақы қорларының қызмет тиімділігін артырудың маңыздылығын анықтау. Жұмыстың тәжірибелік құндылығы зейнетақы жүйесінің соңғы жылдары қол жеткізген

ЗЕЙНЕТАҚЫ РЕФОРМАЛАРЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Зейнетақы жүйесін реформалау алғышарттары мен ерекшеліктері Елімізді тұрақты дамытудың және қоғамдағы тұрақтылықтың міндетті шарты Біздің елімізге де келіп жеткен халықтардың қарқынды қартаюы кезінде Республикамызда зейнеткерлікті қамтамасыз ету мәселесі орталықтандырылған жоспарлы экономикадан экономикалық Зейнетақы қорларындағы жекелендірілген шоттар айқын. Ол зейнеткерлікті саяси манипуляциялар Әрбір зейнетақыны тағайындау жүйесінде белгілі бір шарттар көзделеді. Олардың жалақысының көлеміне назар аударуды ұсынады. Қазақстандағы ынтымақтастық жүйе бірінші зейнетақы жасы (58/63 жас, жеңілдіктерді пайдаланушылардан басқа); қажетті стаж (20/20 жыл); зейнетақы тағайындау үшін табыс көлемі, орташа айлық табысына қарай зейнетақы көлемі орташа айлық есебінен 60 % Алайда, өткен онжылдықтағы қабылданған және экономикалық талаптарға сәйкестендірілген саясат Осы проблемаларды шешу үшін Президенттің тапсырмасы бойынша үкімет зейнетақыны Алайда осындай көзге көрінетін зейнетақыны жіктеп көтеру өзгерістері барлық Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жеке зейнетақы жинақтары мен зейнетақы активтерін Үкімет жинақтаушы зейнетақы жүйесінің субъектілерінің: зейнетақы қорларының, банк-кастодиандардың және Инвестициялау тиімділігін қамтамасыз ету және зейнетақы жинақтарының қауіпсіздігі үшін, Жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту бойынша айтарлықтай жұмыс 2003 - 1) мемлекеттік жинақтаушы зейнетақылық қордың (МЖЗК) кепілі Үкімет 2) жүйенің тұрақтылығын жоғарылату мақсатында, салымшылар мен алушылардың бірыңғай тәуелсіз реттеу органы – қаржы нарығын және қаржы құнсыздану деңгейін есепке ала отырып, нақты енгізілген жарнасы көлемде қордың немесе зейнетақы активтерін басқару жөніндегі мекеменің кінәсінен салымшылардың жинақтаушы зейнетақы қорларының салымшыларының және төлеушілерінің уақтылы қаржы аударудағы, 4) 2006 жылдың шілдесінен жинақтаушы зейнетақы қорларынан кесте 5) Егер аккумуляцияланған зейнетақы жинақтары ең болмағанда ең төменгі 2008 жылдың 1-ші қыркүйегіне жинақтаушы зейнетақы жүйесінің салымшыларының саны Осыған қарамастан чилилік әдісті қолданатын елдердегі жинақтаушы зейнетақы жүйесінің тұрғындарды жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметімен жеткілікті қамтымау; ерікті зейнетақы жинақтарының үлес салмағы төмен; зейнетақы жинақтарын инвестициялаудың барынша тиімсіздігі; қарттық келіп жеткенде зейнетақы төлемдерінің лайықты өмір сүру үшін Қазіргі уақытта жинақтаушы зейнетақы жүйесіне экономиканың бейресми секторларында жұмыс Үкіметті зейнетақы жинақтарының жеткіліксіздігі қатты алаңдатады. Орташа еңбек жалақысының Халықаралық тәжірибе зейнетақы жүйесінің қаржылық тұрақтылығына және тиімділігіне жаңашыл

Қарттықты әлеуметтік қорғауға базалық конституциялық кепілдерді сақтау талаптары кезінде 2.Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы егде адамдардың көптеген құқықтарын бекітеді, бірақ құқықтады жариялау оның автоматты, әсіресе егде адамдардың әлеуметтік жеңілдіктеріне, ақысыз медициналық көмек алуға және дәрі-дәрмекпен ақысыз қамтамасыз етілуіне қатысты ережелерге қатысты құқықтық іске асырылуын білдірмейді. Қазақстан Республикасының жоғарыда аталған конституциялық нормаларды іске асыруға бағытталған заңнамасын 3 бөлікке бөлуге болады: жасына тәуелсіз барлық азаматтардың, оның ішінде егде адамдар үшін аса маңызды құқықтарды бекітетін нормалар; егде адамдардың құқықтарына тікелей қатысты нормалар; егде адамдардың ерекше санаттарының ережелерін реттейтін нормалар. Бірінші топқа көптеген заңнама актілерінде: Азаматтық кодексте, Жер кодексінде, «Неке және отбасы», «Азаматтардың денсаулықтарын қорғау туралы», «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы», «Қоршаған ортаны қорғау туралы», «Тұрғын-үй қатынастары туралы» Заңдарда бекітілген нормалар жатады. Екінші топтағы нормаларға «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамтамасыз ету туралы», «Қазақстан Республикасындағы арнайы мемлекеттік жәрдемақы туралы» Заңдарды жатқызуға болады. Үшінші топқа, мысалы, «Қазақстан Республикасындағы мүгедектік бойынша, асыраушысынан айырылған және жасына жеткен жағдайлар бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Ұлы Отан соғынына қатысушы мүгедектерді және оларға теңестірілген адамдарды әлеуметтік қорғау және жеңілдіктер туралы», «Жерасты және ашық кен жұмыстарында еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы» Заңдар жатады. Аға буын өкілдерінің заңнама актілерінің бірінші тобы бойынша өздерінің мүліктік құқықтарын іске асыру проблемасына қолданылатын барлық заңнаманы егжей-тегжей қарастырмай-ақ, жекелеген құқықтық кемшіліктерді атап өту қажет. Отбасы заңнамасында егде адамдардың отбасыдағы жағдайын, олардың балаларымен, немерелерімен өзара қарым-қатынасын реттейтін нормалар бар. Мысалы, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы «Неке және отбасы туралы» Заңының 131-бабы кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалардың өздерінің көмек қажет ететін еңбекке қабілетсіз ата-аналарын асырауын және оларды қамқорлыққа алуын реттейді. Алимент төлеу туралы келісім болмаған жағдайда көмек қажет ететін еңбекке қабілетсіз ата-аналарға төленетін алимент сот тәртібімен кәмелетке толған еңбекке қабілетті балаларынан төленеді. Осы Заңның 132-бабы кәмелетке толған балалардың еңбекке қабілетсіз ата-аналарына қамқорлық жасамаған кезде және ерекше жағдайлар (ана-аналардың ауыр науқастануы, зақымдануы, оларға бөгде адамдардың қарағаны үшін ақы төлеу қажеттілігі, оларды халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің интернат-үйіне орналастыру) болған кезде кәмелетке толған балалар сотпен осы себептерге байланысты қосымша шығындарды өтеуге қатысуға тартылуы мүмкін. Заңның 139, 141-баптары немерелерді аталары мен әжелерін, сондай-ақ өгей ұлдары мен өгей қыздарының өгей әкелері мен өгей аналарын асырауға міндеттейді. Алайда қазіргі уақытта жас ұрпақта кейбір моральдық қасиеттердің төмендеуі қарт адамдарға қарым-қатынаста дөрекі әрі адамгершілік қадір-қасиетті қорлау жағдайлары көптеп кездесетіндіктен балаларды ата-аналарына материалдық көмек көрсетуге міндеттеу жеткіліксіз. Отбасы заңнамасы бұл контексте арнайы нормалар болмағандықтан егде адамдарды отбасындағы күштеуден қорғау туралы мәселені де реттеуі керек. Бұл проблемаға назар аудару күштеу қылмыстық жазалау әрекеттеріне сәйкес болған кезде туындайды. Сондай-ақ қылмыстық заңнамаға ауыр жағдайлардың бірі ретінде жәбірленушінің белгіленген жасқа толуы фактісін енгізу әділетті болар еді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 тамыздағы № 824 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2007 жылдарға арналған заңнама жұмыстарының перспективалық жоспарына сәйкес 2007 жылдың 1-тоқсанында «Тұрмыстық күштеу туралы» заң әзірлеу жоспарлануда. Осыған байланысты, осы заңға тұрмыстық күштеу объектілерінің бірі ретінде «егде адамдар» санатын енгізу мақсатқа сай. Егде адамдардың көбісі тұрғын-үймен қамтамасыз ету және оны ұстау проблемаларын көбіне тиісті тұрғын-үйдің болмауынан тәуелді және қолайсыз жағдайларға түсе отырып, өз беттерінше шешеді. Жәбірленушілері егде адамдар болып табылатын тұрғын-үйге қатысты алаяқтық жағдайлардың көп екендігіне қарамастан, Қазақстанда егде адамдар (кәмелетке болмаған балалар ерекше болып табылады) жәбірленуші болып табылатын қылмыстар бойынша ресми статистика жүргізілмейді. Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі «Азаматтардың денсаулығын қорғау туралы» Заңында денсаулық қорғау саласында балалардың, әйелдердің, сотталған аурулардың, туберкулезбен, ЖҚТБ-мен (жұқтырылған қорғаныш тапшылығы белгісімен), диабетпен ауыратындардың, әскери қызметшілер мен осы саланың зейнеткерлерінің құқықтары бекітілгенімен, егде адамдардың құқықтары белгіленбеген. Бұл ретте «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңда егде мүгедек адамдарға медициналық көмек көрсету тәртібі ішінара реттелген.

Осылайша, денсаулық сақтау саласында қарттар заң шығарушылардың назарынан тыс қалды және жүйеленбеген жекелеген негізде қызмет көрсетудің негізгі өмірлік маңызды пакеттерінің бірін алады. Сонымен бірге заңнамада медициналық мекемелерде қарттардың диагностикасымен, емделуімен және ауруларының алдын алумен айналысатын гериатриялық блімдер ашу да көзделмеген. Осыған қарамастан, бастамашылық негізде Алматы қаласының емханаларында геронтологтар 0,5 мөлшерлеমেде жұмыс істейтін 16 геронтологиялық бөлмелер ашылды. Денсаулық сақтауды реформалау және дамытудың қабылданған мемлекеттік бағдарламалары егде адамдардың медициналық көмек алу құқықтарына назар аудармайды. Бұл ретте Қазақстанда бірнеше жыл ішінде егде адамдардың денсаулықтарын зерделеуге қатысты тереңдетілген эпидемиологиялық зерттеулер жүргізілді. Мысалы, 2002 жылы 60 жасқа толған және одан жоғары жастағы 611 285 адам тексерілді (зерттелгендердің жалпы санының 14%-і). Зерттеу нәтижелері барлық анықталған аурулардың 25%-ін егде адамдар құрайтындығын көрсетті. Өз кезегінде әзірлеуге дайындалып жатқан Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексте егде адамдарды мемлекеттің ерекше қамқорлығы объектісі ретінде белгілеу орынды болар еді. Жалпы әлеуметтік заңнама туралы сөз еткенде, заңнамалық нормалардың прогрессивтік белгілерінің жоқтығы туралы, оның тұрақты өзгеріп тұратын елдегі демографиялық, экономикалық, әлеуметтік жағдайлардан «бір қадам» артта қалатындығы туралы қорытынды жасауға болады. Бұл заң шығару саласында стратегиялық жоспарлау процесі әлсіз және жүйесіз өтіп жатқандығына байланысты. Әлеуметтік және ғылыми зерттеулерді көптеген бағыттар бойынша тиісті мамандар жүргізеді. Алайда мониторингтер нәтижелері құқықтық өріске ауыстырылмайды. Егде жастағы адамдардың құқықтарын қорғау мәселесімен мемлекеттік басқару жүйесінде қабылданған шектеулі өкілеттіктеріне сәйкес өздерінің бағыттары бойынша көптеген ведомстволар айналысатынын біз білеміз. Алайда екінші жағынан, әрбір министрлік жүргізетін саясаттың біріктірілмейтіндігі егде адамдардың қорғалу сатысында білініп тұрады. Құқық қорғау көзқарасы бойынша, оң және қажетті тең құқықтан айыру ретінде егде адамдардың проблемаларына назар аудару мемлекеттің заң шығару қызметінің қағидаларына негізделуі қажет. Зейнетақымен қамтамасыз ету саласында егде жастағы адамдардың құқықтары толығымен реттелуде. Бірақ та жүргізіліп отырған зейнетақы реформасына байланысты біздің мемлекетіміздің басым міндеттерінің бірі болып табылатын азаматтарды қартайған шақта лайықты қамтамасыз ету құқықтарын іске асыру бөлігінде туындап жатқан проблемалық мәселелер аз емес. Өзінің экономикалық мәні бойынша зейнетақы екіжақты сипатқа ие екендігі белгілі: бір жағынан, ол кедейшілік азайту мен қайыршылықты болдырмауға, яғни кірістің ең аз кепілдендірілген деңгейімен қамтамасыз етуге бағытталған. екінші жақтан, ол жұмсалған табыстың орнын толтыруға және жалақының орнын басатын баламалы жеке коэффициентпен қамтамасыз етуге бейімделген. Әр елде әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесі пайда болған кезде, әдеттегідей осы мақсаттардың біріне жетуге бағдар алынған. Жалпы сипаттағы жүйелер, көбінесе жаппай кепілді, ең төменгі көрсеткішті қамтамасыз етуге, ал жекелеген кәсіптік топтарды ерекше қамтитын әлеуметтік сақтандыру жүйелері – жоғалтқан еңбекақыны өтеуге бағытталған, онда олар көбінесе кедейліктің алдын алу функциясын, атап айтқанда, әлеуметтік көмек көрсетуді басқа институттарға қалдырады. Зейнетақымен қамтамасыз етуді дамыту барысында осы екі мақсаттың конвергенциялануы орын алды: жалпы жүйелер сақтандыру жүйелерімен толықтырылды, ал сақтандыру жүйелері ең төменгі кепілдіктерді қамтамасыз ету туралы ережелерді қамти бастады. 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін республикада зейнетақы жүйесі толық қызмет етті. Зейнетақы көлемі еңбекақының 50 пайызы есебінен белгіленді және соңғы жұмыс істеген он жылының 5 жылғы жұмыс өтіліне және еңбекақысына байланысты болды. Зейнетақыға әйелдер 55, ерлер 60 жаста шығатын. Бірақ қайта құру процесінің дағдарысы зейнетақы жүйесін күйреуге дейін әкеп соқты да ұрпақтардың «ортақтас» қағидасына негізделген зейнетақымен қамтамасыз етудің бөліп беру жүйесінің сәйкессіздігі айқындалды. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңымен зейнетақы реформасы басталды, нәтижесінде 3 қосарлас зейнетақы жүйесі қызмет етеді, атап айтқанда: толық ортақтас жүйе – 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнеткер жасында болғандар үшін; аралас жүйе – зейнетақы жоғарыда аталған күннен кейін белгіленген және осы уақытта белгіленетін зейнеткерлер үшін; жинақтау жүйесі 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін жұмыс өтілі болмаған (немесе жарты жылдан кем болған) адамдар үшін. халық қартайған сайын алдыңғы екі жүйе кеми бастайды да жинақтау жүйесіне толық жол беретін болады. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңның нормалары 2001 жылғы 1 шілдеден бастап зейнетақы төлемдері ерлерге 63 жасқа, әйелдерге 58 жасқа толығымен тағайындалады деп белгіледі. Осы заңның 13-бабына сәйкес 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы, жұмысындағы үзілістеріне

қарамастан, кез келген 3 жылғы орташа айлық кірісінің 60 пайызы есебінен есептеледі. 1998 жылғы 1 қаңтардан басталған кезеңдегі орташа айлық кірістің көлемі жинақтау зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары аударылған кіріске сәйкес белгіленеді. Зейнетақы заңнамасының талдауы соңғы төрт жылдағы зейнетақы көлемдерінің динамикасы мен оны арттыру әдістемесін қарауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы № 31 қаулысымен 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы көлемі 1994 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалып алынатын зейнетақы көлемінен 25 пайызға өсті, сондай-ақ 1994 жылғы 1 қаңтардан бастап 1997 жылғы 31 желтоқсанға дейін тағайындалып алып отырған және 1994 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған және зейнетақы тағайындалғаннан кейін жұмыс істеген екі жылғы жоғарылау жалақысынан қайта есептеліп алып отырған зейнетақы көлемінен тұтыну бағалардың 2001 жылғы орташа жылдық индексіне өсті. Қаулымен зейнетақының өсірілген көлемі тиісті қаржы жылына белгіленген 25 айлық есептік көрсеткіштің 76 пайызынан аспауы қажет деп реттелген.

2003 жылы зейнетақыны екі кезеңмен көтеру жүзеге асырылды. 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 қаңтардағы № 6 қаулысымен 2003 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған зейнетақы көлемі алып отырған зейнетақы көлемінен 12 пайызға өсті, сондай-ақ өскенді есептегенде 2003 жылы белгіленген ең төменгі зейнетақы көлемі – 5000 теңгеден аспауы қажет.

1 маусымнан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы № 564 қаулысымен зейнетақы көлемдері зейнеткерлердің еңбек үлесіне байланысты саралап өсірілді. Осының нәтижесінде 1 034 000 зейнеткер көтеріңкі зейнетақы алды, бұл зейнеткерлердің жалпы саны 65,4 пайызын құрайды. Зейнетақының орташа өсу көлемі республика бойынша 2300 теңгені құрды. 5000-6000 мың теңге көлемінде ең аз зейнетақы алып отырған зейнеткерлер саны екі есе қысқарды; зейнетақының орташа көлемі 22 пайызға өсті (6485 теңгеден 7927 теңгеге дейін) және 6000 теңгеден 12000 теңгеге дейін зейнетақы алатын зейнеткерлердің үлесі шамамен екі есеге дейін өсті.

2004 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы № 1337 қаулысымен зейнетақы көлемі алып отырған зейнетақы көлемінен тұтыну бағалардың 2001 жылғы орташа жылдық индексіне - 5,4 пайызға өсті. Сөйтіп 2004 жылы орташа зейнетақы 8 571 теңгені құрды.

2005 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы № 1347 қаулысымен зейнетақы көлемі алып отырған зейнетақы көлемінен 7,7 пайызға өсті. Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 19 наурыздағы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» Қазақстан халқына Жолдауында әлеуметтік мәселелер мемлекет үшін басым болып танылды. Жолдауға сәйкес 2005 жылы зейнетақы көлемдері инфляция деңгейін озып индексацияланған, бұл ретте зейнетақының ең аз көлемі 6200 теңгені құрды.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Қазақстан халқына Жолдауымен 2005 жылғы 1 шілдеден бастап барлық зейнеткерлерге 3000 теңге көлемінде қосымша (базалық) зейнетақы енгізілді. Bazалық зейнетақыны есептегенде, ең төменгі зейнетақы деңгейі 9200 теңгені құрайды, зейнетақының орташа көлемі - 12000 теңге. 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы көлемі алып жүрген зейнетақы көлемінен 8 пайызға өсті. Одан басқа, 2006 жылғы 1 маусымнан бастап әскери қызметшілерінің, ішкі істер органдары және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен өртке қарсы қызмет қызметкерлерінің зейнетақылары өсті. Барлығы 2000-2006 жылдар аралығында зейнетақының орташа көлемі екі есе өсті, ал келешекте базалық зейнетақы көлемін ең төменгі күнкөріс деңгейінен 75 пайызды құрайтын деңгейге дейін көбейту жоспарланып отыр. Өткізген жұмыс нәтижесінде еліміздің барлық зейнеткерлері кедейлер санатынан шықты, себебі олардың табыстары кедейлік шегінен ғана емес, ең төмен күнкөріс деңгейінен екі есе асты.

2002-2006 жылдардағы зейнетақының орташа көлемдері (теңгеде) Алайда, оң жетістіктер зейнеткер жасындағы адамдардың тұтастай өмір деңгейінің төмен екенін жасырмауы тиіс. Зейнетақыны жыл сайын индексациялауға қарамастан, инфляция өсу үстінде, бұл қарттардың ақша жұмсау деңгейіне кері әсерін тигізеді. Мысалы 2006 жылдың басынан бастап шілде айына дейін бағалар 5,1 пайызға өсті, ал жылдық есеппен 7 айда – 8,7 пайызға. Салыстырмақ болсақ, 2005 жылы тұтыну бағалары индексінің өсуі жылдық есеппен 8,2 пайызды құрды. Осылайша, еліміздің экономистері базалық инфляция деңгейінің жоғары екенін атап көрсетіп отыр. Инфляция деңгейі жылдық есеппен, жеміс-жидекке, сондай-ақ бензинге, дизельдік жағар-жанар майға, көмірге және мемлекет реттейтін қызметтерге бағаның өсуін ескермегенде, жалпы инфляция деңгейі 8,7 пайызды құрса, 2006 жылдың 7 айында 8,1 пайызға жетті. Бұл ретте, жалпы инфляция деңгейі 8,2 пайызды құрса базалық инфляция деңгейі 2005 жылғы 7 айда 6,8 пайызды құрды.

«Поколение» қоғамдық бірлестіктің (қарттардың ең көп санды қозғалысының) 2006 жылғы 18 қазандағы «Халықты әлеуметтік қорғаудың кезекті мәселелері» республикалық конференцияның

резолюциясы шегінде әзірленген кейбір ұсыныстарын келтіргіміз келеді. Қазақстан Республикасының Үкіметі, қарттарға өркениетті елдердегідей тиісті көңіл аудармайды. Кедейліктің негізгі себебі зейнетақы реформасында деп санаймыз. Тұрғын үй- коммуналдық қызметке тарифтер жоғары, негізгі азық түлік бағалары шарықтап кетті. Зейнетақы реформасы зейнеткердің үлесі мен оның еңбек өтілін ескермеді, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 шілдедегі № 564 қаулысына сәйкес 2003 жылғы маусымда өткізілген зейнетақыны қайта есептеу соның куәсі. Біз зейнетақыны қайта есептеу заңсыз жүргізілді деп санаймыз. Сонымен қатар еңбек өтілін есептеудегі жеңілдіктер ескерілмеді, зейнеткердің жалпы еңбек өтілі «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңның 13-бабымен зейнетақыны есептеу үшін ескерілетін кірістің 75 пайызына дейін шектелді. Зейнетақы көлемі негізінен экономикалық қызмет түрлері бойынша орташа еңбекақы (ЭҚОЕА) деңгейіне байланысты, онда соңғы жылғы ЭҚОЕА

есепке алынады. 2003 жылғы 11 маусымдағы № 564 қаулының күшін жоюды ұсынамыз. Зейнетақыға шыққандардың «бұрынғы» еңбекақыларын қазіргі заманға сай келтіру үшін Президенттің арнайы Жарлығы шығуы қажет. Украинаның тәжірибесі бойынша зейнетақы көлемдеріне шектеулерді алып тастау қажет, сондай-ақ зейнетақыны инфляция деңгейінен ғана емес, орташа еңбекақының өсуінен де индексациялау қажет.

Зейнетақыны орташа салалық еңбекақы бойынша есептеу бөлігінде «теңестірушілік» туралы және азаматтардың шын еңбек үлесі ескерілмегендігі туралы зейнеткерлердің айтуы дұрыс деп санаймыз. Біздің байқағанымыз, республиканың зейнетақы заңнамасы үнемі реформалану үстінде: зейнетақы көлемдерінен басқа ақыны есептеу механизмдері, жинақтау, зейнетақы жарналарын аудару әдістемелері өзгеріп тұрады, зейнетақы қорлары қызметінің, оларды инвестициялық басқару негіздеріне өзгерістер енгізіліп отырады және т.б. Бірінші жағдайда, қазіргі зейнетақы жасындағылардың құқықтары қозғалады, ал екінші жағдайда болашақ зейнеткерлер туралы айтылады.

Сонда да зейнетақы заңнамасы қарттарды жеткілікті деңгейде қорғамайды және олардың еңбекке қабілетті жасындағы өмір деңгейін қамтамасыз етпейді. Заңнама зейнетке шығу жасын әкімшілік мемлекеттік қызметкерлерінің мемлекеттік қызметті тоқтатуы үшін негіз ретінде белгілеп («Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР Заңының 27-бабы), олардың еңбек ету мүмкіндігін шектеуімен мемлекеттік қызметте істейтін егде адамдардың жағдайы нашарлана түседі. Ал, Кәрілік мәселелері бойынша Мадрид халықаралық жоспарында жарияланған мақсаттардың бірі егде адамдарға олар өздері тілек білдірсе және жұмыс істейтін жағдайы болса, еңбек ету қызметін жалғастыруға мүмкіндік беру болып табылады.

Қазақстандық зейнеткер үшін зейнетақы жалғыз кіріс көзі болып табылады, зейнеткерлердің біразы экономикалық тәуелділікті бастан кешеді, ал еңбекке жарамсыздары - өзін-өзі қамтамасыз етуде қиыншылыққа тап болады. Аталған жағдайлар әр адамның өзі және оның отбасы үшін, жеткілікті тамақтануды, киім мен тұрғын үйді қоса алғанда, жеткілікті өмір сүру деңгейіне және өмір сүру жағдайларының үзексіз жақсаруына құқығы туралы (Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің 11-бабы) құқықтық қорғаушылық бақылау өлшемдерін көтере алмайды.

